

«Нұр Мереке бөбекжай-балабақшасының» атқарған жұмыстарына талдау.

«Бақдәulet бөбекжай-балабақшасы» Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға міндегі мемлекеттік стандартына, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оку жоспарына (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы), Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оку бағдарламасына (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы) сәйкес қызмет етеді.

2022-2023 оку жылында бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымы «Оқыту-тәрбиелеу процесін ізгілендіру факторы ретінде инновациялық білім беру технологияларын қолдану арқылы тәрбиелеу және білім беру сапасын арттыру» өзекті тақырыбын жүзеге асыруға жұмыс істеді.

Осы тақырыпқа орай, педагогикалық ұжымның алдына қойған мақсаттарына сәйкес, келесі жылдық міндеттерді жүзеге асырдық:

- 1.Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулықтарын нығайту және сақтау, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу жұмыстарын жетілдіру.
2. Жобалау қызметін ұйымдастыру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дара белсенділігі мен шығармашылықтарын қалыптастыру және дамыту.
3. Ата-аналардың біліктіліктерін арттыру жұмыстарын жетілдіру.

**Балалардың сырқаттануын талдау нәтижелері
2022-2023 оқыту жылына салыстырмалы түрде**

Бебекжай балабақша жұмысы нәтижелерінің маңызды көрсеткіші – бұл балалардың денсаулығы. Баланы оқыту мен тәрбиелеудің сәттілігі баланың денсаулық жағдайына тәуелді. Сондықтан осы мәселеге баса назар аударылған.

Балалардың денсаулығына жасалған жыл сайынғы талдау көрсетеді:

Оқу жылы	Бала саны	Барлық келген күндер	Барлық босатқан күндер	Ауруы бойынша босатқандар		
				барлығы	Жыл бойына 1 балаға	Айна 1 балаға
2022-2023	69	215.358	-	-	-	-

ББ тәрбиеленушілерінің балабақшага келуі

Оқу жылы	Денсаулық тобы						Жиі ауыратын балалар	Дене дамуы
	1-ші		2-ші					
2022-2023	басы	соны	басы	соны			басы	ауытқулар
	25	25	25	25	-	-	норма	

ББ тәрбиеленушілерінің денсаулық деңгейіне талдау

Балалардың денсаулықтарына талдау жасай отырып, жыл сайын бебекжай балабақшага келіп түсken балалардың ішінде денсаулығы әлсіреген балалар артып келе жатқанына назар аудардық. Медициналық тексеру барысында: тұа біткен жүрек ақауы – жоқ, қанайналым жүйесінің ауруы – жоқ. Емхана педиатрымен бірге балаларды сауықтыру жоспары жасалды. Олар жылына 2 рет (наурыз, қазан) талдамалар тапсырады және алдын алу ем-шараларын қабылдайды.

Оқу жылы	Созылмалы аурулар								Көрү қабіл етінің бұзылуы	Дене сымбатының бұзылуы	жал пакт абан	Тілдің тежелуі	Психикалық дамуының тежелуі	
	Тыныс алу мүшелерінің аурулары				Лор-мүшелерінің аурулары									
	Зәр шығару мүшелерінің аурулары				Қанайналым мүшелерінің аурулары					Төс сүйегінің деформациясы	Кіндік грыжасы			
2022-2023	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-

Дамуында ауытқуы бар балалар саны

Оқу жылы	Балалар саны	Сау балалар саны		Ауру балалар саны	
2022-2023	69	69		100%	

Балалардың денсаулығына салыстырмалы талдау жасау.

Оқу жылы	Балалар саны	Ауруы бойынша босатқандар	Бір балаға	Жағдайлар саны	Ауыру %
2022-2023	25	жоқ	-	-	-

Сырқаттануға салыстырмалы талдау жасау.

Сырқаттану пайызы алдыңғы жылмен салыстырганда 0,1% төмендеді.

Жыл көлемінде медбике, меңгеруші, әдіскер тарарапынан балалардың дене тәрбиесіне медициналық-педагогикалық бақылау жасалып түрді.

Бұл жұмыс, ең алдымен:

- балалардың денсаулық жағдайына, жүйке-психикалық және дене тәрбиесіне;
- балалардың қозғалысы мен дене даму сапаларының жыл басында және соңындағы дамуына;
- дене тәрбиесі бойынша жұмыстарды үйымдастыру, мазмұны, өткізу әдістемесін бақылауға бағытталды.

Балалардың қозғалыс белсенділігіне жасалған талдау көрсеткендей, МДМ педагогтары осы мәселеге баса назар аударады. Баланың қозғалыс белсенділігін дамыту үшін түрлі тәсілдерді қолданады: белгіленген қызмет (таңғы жаттығу, сергіту сәттері, денешынықтыру сабактары, үйқыдан кейінгі дene жаттығулары), жартылай белгіленген қызмет (спорттық шаралар, мерекелер, ойындар, ауадағы және ғимарат ішіндегі қозғалыс ойындары, сауықтыру үшін жүгіру, денсаулық күндері т.б.). Дене тәрбиесі бойынша бірлескен білім беру қызметі түрлі ойындармен, эстафеталармен, ойын жаттығуларымен, денсаулық туралы танымдық әңгімелермен толы және қызықты болды. Тәрбиеленушілермен өткізілген барлық шаралар «Денсаулық» тақырыбына арналған. Ойындар мен әңгімелер арқылы балалар өз ағзасы туралы көптеген пайдалы әрі қажетті ақпаратты білді.

Оқу жылының көлемінде аурудың алдын алуға бағытталған келесі шаралары өткізілді:

Жеңілдетілген түрдегі таңғы жаттығу (күнделікті);

Аптасына 3 рет дene шынықтыру сабактары;

Ауа температурасы – 20С төмен емес күндері далада серуендеу;

Күніне екі рет салқын сумен жуыну (су температурасы +14,+16С.);

«Денсаулық жолымен» жүру (жалпақтабандылықтың алдын алу) күнделікті үйқыдан кейін;

Бөлме температурасымен бірдей сумен ауыз шаю (күнделікті түскі астан кейін);

Көз шаршайтын ҰОҚ (мұсіндеу, сурет салу, аппликация, құрастыру) кезінде миопияның алдын алу мақсатында көзге гимнастика жасату;

Өкпенің өмірлік көлемін арттыру үшін тыныс алу жаттығулары (күнделікті);

Ойын арқылы уқалау элементтерін үйрену және қолдану (шынығу үшін тыныс алу, қолды уқалау, құлақтың сиқырлы нүктелерін уқалау, табанды уқалау);

Сколиоздың алдын алу (баланың денесін ұстаудың күні бойы қадағалау, ҰОҚ, үйқы, тамақтану кезінде).

Медициналық қызметкер балалардың тамақтану сапасына жүйелі талдау жасап және оларды жақсарту бойынша ұсыныстар беріп отырды; балалардың дene тәрбиесі мен оларды сауықтыру мәселелері бойынша ата-аналармен жұмыстар жүргізді; ойыншықтарды жуу және күту ережелерінің сақталуы қатаң қадағаланып отырды; санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес топ бөлмелерін ылғалды тазалау жұмыстары, сұлгілерді, төсек жаймаларын уақытында ауыстыру, ережеге сәйкес ыдыс жуу қадағаланды.

Осы бағыттағы жұмыстарды талдай отырып, ұжым мектеп жасына дейінгі балалардың дene және психикалық денсаулықтарын нығайту және сақтау, оларды салауатты өмір салтының күндылықтарына баулу жұмыстарын жетілдіру міндетін ұзақ мерзімді деп санауды ұйғарды.

Педагогтардың біліктілігі мен аттестаттау нәтижелері.

Педагогикалық ұжым 9 педагогтан тұрады.
Тәрбиешілер -6

ББ педагогтарының біліктілік талаптарына сипаттама кестеде көрсетілген

Оқу жылы	Білімі			Біліктілік санаты			
	жоғары	Орта-арнайы	ортады	жоғары	бірінші	екінші	жоқ
2022-2023	3	6	-	-	-	-	10

2022-2023 оқу жылында қызметкерлермен жүргізілген жұмыстар келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- 2 педагог (40%) біліктілікті арттыру курсынан өтті.

ББ тәрбиешілерінің қасиби қызметі (қасиби шеберлігі) туралы неғұрлым толығырақ әрі нақты ақпарат алу үшін олардың жұмысына мәселелік талдау жасалды.

Тәрбиешілерге жүргізілген сауалнаманы талдай келе, келесі қорытынды шығады, педагогтардың негізгі бөлігі (89%):

- ББ қазіргі жағдайына қанағаттанады, оның жоспарлы, кезеңдік дамуына белсенді үлес қосуды мақсат етеді.
- білім беру үдерісінің нәтижелерін арттырудың басты шарты – балабақшаның адамгершілік негізіндегі тәрбиелеу жүйесін құру деп санайды.
- әдістемелік жұмыстардың инновациялық түрлерін мақұлдайды.

Бөбекжай балабақшаның білім беру қызметіне талдау.

Мектепке дейінгі мекеменің білім беру қызметінің басым бағыты мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулықтарын нығайту және сақтау, оларды салауатты өмір салтының күндылықтарына баулу жұмыстарын жетілдіру болып табылады, ол Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы).

Балалардың Үлгілік оқу бағдарламасын менгеруі бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері.

№	Топтар	Бала саны	Денсаулық сақтау дағдылары	Коммуникат ивтік-тілдік дағдылар	Танымды қ дағдылар	Шығарма шылық дағдылар	Әлеуметті қ дағдылар	Үлгілік оқу бағдарла масын менгеру %
1.	«Балапан» тобы	20	29%	20%	26%	25%	20%	25%
2.	«Сұнқар»тобы	25	22,7%	12%	3,7%	5,3%	5,3%	9,8%
3.	«Бәйтерек»тобы	19	18,7%	12%	3,7%	5,3%	5,3%	,8%
Барлығы		69	36,6%	4	5	25	33,8%	27,3%

**Балалардың Үлгілік оқу бағдарламасын менгеруі бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері.
2022-2023 оқу жылы**

№	топтар	Балалар саны	Денсаул ық сақтау дағдыла ры	Коммуника тивті-тілдік дағдылар	Танымды қ дағдылар	Шығарм ашылық дағдыла р	Әлеумет тік дағдыла р	Үлгілік оқу бағдарл амасын менгер у %
1.	«Балапан» тобы	19	88,7%	94,5%	86,7%	90,7%	65%	90%
2.	«Сұнқар» тобы	25	78,8%	70,4%	75%	84%	78%	77%
3.	«Бәйтерек»тобы	25	78,8%	70,4%	75%	84%	78%	77%
Барлығы		69	79%	78%	78%	84%	77%	80%

**«Нұр Мереке бөбекжай-балабақшасының» балалары ептіліктері мен дағдыларының дамуының қорытынды мониторингі нәтижелері туралы
Жинақ есеп**

2022-2023 оқу жылы.

№	Топтардың атауы	Балалар саны	1 деңгей	2 деңгей	3 деңгей
1.	«Балапан» тобы	19	0	4	15
2.	«Сұнқар» тобы	25	0	7	18
3.	«Бәйтерек» тобы	25	0	7	18
	Барлығы	69	0	33	77
			Төмен деңгейлі балалар жоқ	Орташа деңгейлі балалар 24%	Жоғары деңгейлі балалар 76%

Бағдарламаны орындаудың жалпы пайызы 80%, бұл жыл басындағы көрсеткішке 27,3% қарағанда жақсы нәтиже болып табылады.

Диагностика нәтижелері атқарылған жұмыстардың тимділігін көрсетті.

Барлық жас топтары бойынша кестені талдай отырып, келесі қорытындыны шығаруға болады:

Биылғы оқу жылында жаңадан 3 топ ашылуына қарамастан, даму деңгейі жоғары балалар үлесі 50%-дай (алдыңғы оқу жылдарында -1 топ).

Кестеден көргеніміздей, талдалынған кезеңде барлық көрсеткіштердің өсу динамикасы бар.

Әдістемелік жұмыс талдауы.

2022-2023 оқу жылында «Бақдәulet бөбекжай-балабақшасы» әдістемелік жұмысы мектепке дейінгі мекеменің өзекті тақырыбы мен жылдық міндеттерін шешушеге бағытталды.

Педагогтардың шығармашылық ізденістерін, инновациялық жаңартуларға деген жағымды көзқарастарын, бірлесе жұмыс істеуге деген тілектерін ынталандыру келесі жұмыс бағыттары арқылы жүзеге асырылды:

- Педагогикалық және басқару персоналының сапасын басқару;
- Әдістемелік жұмысты басқару;
- Педагогикалық қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру жұмыстарын үйымдастыру, түрлері, мазмұны;
- Әдістемелік және эксперименталдық жұмыстарды үйымдастыру, мазмұны, түрлері;

- Кәсіби қызметін жүзеге асыруға, балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеу жұмыстарының деңгейін арттыруға қажетті біліктілік деңгейіне жету және шығармашылық әлеуеттің дамуы.

«Нұр Мереке бөбекжай-балабақшасы» жүзеге асырылатын білім беру мазмұнын ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, жаңа өнімді технологияларды менгеру, педагогикалық шығармашылықты дамыту үшін жағдай жасау мақсатында балабақша менгерушісінің бұйрығымен «Бақдәulet бөбекжай-балабақшасы» әдістемелік қызметінің құрылымы бекітілді.

ББ әдістемелік қызметінің жұмысы жылдық жұмыс жоспарына сәйкес құрылды. Әдістемелік қызметті әдістемелік кеңес басқарды. Әдістемелік кеңеске балабақша әдіскері жетекшілік етті.

Әдістемелік қызмет құрылымы келесі құрылымдық бөлімдерден тұрады:

1. Семинарлар (практикум, тұрақты-қызмет ететін, теориялық);
2. Жас тәрбиешінің педагогикалық қонақ бөлмесі;
3. Озық педагогикалық тәжірибе мектебі.
4. «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігінің жұмысы

Әдістемелік қызмет құрылымдарының жұмысын үйлестіру шеңберінде өз қызметін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырды. Оқу жылдарының көлемінде 5 отырыс өткізілді. Әдістемелік қызметтің әр құрылымдық бөлімшесі бірінші отырыста бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес қызмет етті. Әдістемелік қызметтің жұмысы педагогикалық кеңеспен өзара байланысты.

Педагогикалық кеңестерді сапалы өткізу үшін әдістемелік қызмет жоғары нәтижеге бағытталған мақсатты жұмыстарды жүзеге асырады.

Тәрбиешілер педагогикалық кеңес отырыстарына дайындық жұмыстарына және өткізуге қатысты. Екі тақырыптық педагогикалық кеңес жоспарланып өткізілді:

Тақырыбы: «Жобалау әдісі білім беру процесіне педагогикалық инновацияларды әзірлеу және енгізу құралы ретінде»

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтардың құзыреттіліктерін жобалау қызметі арқылы арттыру.

Педагогикалық кеңеске дайындық барысында педагогикалық ұжым осы тақырып бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу жасады. Педагогикалық кеңес алдында ұзақ мерзімді практикалық бағыттағы «ББ жобалау-зерттеу қызметі мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді тиімді жүзеге асыруға ықпал ететін қызмет түрі ретінде» семинары өтті.

«Балабақшада қолданылатын жобалау қызметінің түрлері, формалары және кезеңдері» (тәрбиеші –А.Усенбаева)

«Балалардың эксперимент жасау және зерттеу қызметі кезінде мәселелі жағдайлар жасау ерекшеліктері» (тәрбиеші – Л.Серикбаева)

«Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зерттеу қызметін дамыту және қолдау сұрақтары бойынша балабақша мен отбасының серіктестігі» (тәрбиеші –К.Калмуратова)

«Жобаларды көрсете формалары» (тәрбиеші – Ж.Абенова)

Семинар-практикумдарға белсенді қатысу педагогтардың практикалық қабілеттері мен шығармашылық әлеуетін арттырудың тиімді жолы болды.

«ҰОҚ өткізу және күн тәртібінде мәселелік жағдайларды қолдану» тақырыптық бақылауы көптеген педагогтардың мәселелік жағдайларды оқу процесін ұйымдастыруда ғана емес, сонымен қатар күн тәртібінде тиімді әрі педагогикалық сауатты қолданатынын көрсетті, бұл балалардың практикалық тапсырмалар мен сұрақтарды шешуде өз бетімен ізденуіне, білім алуына ықпал етеді. Нәтижесінде бұл қызмет «орындаушыны» емес «әрекет етушіні» тәрбиелейді, тұлғаның еріктік қасиеттерін, серіктестік дағдыларын дамытады.

Бақылаудың нәтижелері әдістемелік кеңесте оқылыш, шешім шығарылды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде ««Рухани жаңғыру» бағдарламасын мұражай педагогикасы арқылы жүзеге асыру» атты қалалық семинар өткізілді. Семинарда қала педагогтарын мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған орта заттарының тарихи-мәдени контекстін көру ептілігін, яғни оларды тарих пен мәдениет дамуы түркісінан бағалау, тарих пен мәдениет ескерткіштерін көрсете арқылы тарихи дәуірлердің өзара байланысын және өзінің басқа уақытқа жататынын түсініү мақсатында мұражай педагогикасын қолданылуымен таныстырылды.

ББ «Тұған өлкем – сені жақсы көрем» шағын-мұражайы жасалып қызмет етеді. Мектепалды топтарының тәрбиеленушілері семинар қонақтарын, ата-аналарды, тәрбиеленушілерді келесі тақырыптағы экспозициялармен таныстыруды:

«Қазақ тұрмысының этнографиялық экспозициясы»

- «Орыс тұрмысының этнографиялық экспозициясы»
- «Тұған өлкенің табиғаты – шығармашылықтың таусылмас көзі»
- «Ешкім ұмыт болған жоқ – ештеңе ұмыт қалған жоқ»
- «Тұған өлкені жырлаушылар»
- «Бұл қала ең жақсы»

«Өзін-өзі тану» - сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» онкүндігінің аясында балабақша педагогтары келесі шараларды өткізді:

1. Авторы С.А. Назарбаева рухани –адамгершілік білім беру бағдарламасына арналған онкүндіктің салтанатты ашылуы.

2. Рухани –адамгершілік білім беру бағдарламасының авторы С.А.Назарбаеваның қызметі туралы ақпарат қабырғасы мен топтарда буклеттер жасалды.

3.«Балалық шақ - күнделікті әлемді тану, сондықтан, ең алдымен адамды, отанды, олардың әдемілігі мен ұлылығын тануға жол жасау керек».

Осы мақсатпен «Шығармашылықтың мәлдір бұлағы» атты газеттер көрмесі жасалды.

4.Мектеп жасына дейінгі балалардың рухани құндылықтарын қалыптастыруға, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыруға ықпал ету мақсатында

«Балапан» және «Ботақан» топтарында «Махаббат – өмір негізі» атты ҰОҚ өткізілді.

5. «Анаммен, әкеммен бірге мен ең мықтымын!» спорттық ойын-сауығы.

Ойын-сауық көңілді әрі тату атмосфера да өтті. Балалар барлық қызындықтардан тек бірлесіп қана өтуге болатынын түсінді.

6. «Махаббатқа толы жүрек» өлең оқу сайысы. Сайыс эмоционалды өтті. Балалар өлеңдерді ерекше сезіммен, толқыныспен оқыды. Сайыстың жеңімпаздары мен қатысушылары мадақтамалармен, сыйлықтармен марапатталды.

7. Балалар үшін «Тірі қала» атты интерактивті ойын-сауық сабағы ерекше сый болды, олар қиялдарын қоса отырып, қаланың әдемі суреттерін жасады.

8. Ауылшаруашылығы саласы өкілдерімен кездесу болды. Балаларды қорықтағы жануарлармен таныстыруды, табиғаттағы адамның мінез-құлқы мен жүріс-тұрыс ережелеріне, адамның қоршаған ортамен сүйіспеншілігімен, мейірімділігімен бөлісе алуына, жан-жануарларға қайырымды болуға баса назар аударылды.

9. «Барлығы махаббаттан басталады» атты концерттік бағдарламасы жағымды тамаша эмоционалды өтті, көрермендер тарапынан қошемет танылды.

Онқудіктің соңғы күні «Күн бәріне ортақ!» атты салтанатты жабылу сәті өтті.

Онқундік аясында өткізілген шаралар туралы ақпарат бұқаралы ақпарат күралдарында жарияланды.

Республикалық, облыстық және аудандық шараларға қатыстық:

1. «Ең үздік мектепке дейінгі мекеме» облыстық сайысы («Рухани Жаңғыру» бағдарламасының «Ұстазым – мақтанышым» аймақтық бағдарламасының шеңберінде),

2. «Балапан» облыстық интеллектуалдық турнирі,

3. Аудандық тамыз конференциясы–2021–«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін шеше отырып, мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиелеу мен оқыту сапасын арттыру» баяндамасы.

4. Республикалық қашықтық интернет-олимпиада «Пед.-Старт»,

5. «Шыршаны қорғайық және сақтайық - 2021»,

6. «Парктер шеруі – 2021» табиғатты қорғау акциясы,

7. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын мұражай педагогикасы арқылы жүзеге асыру» аудандық семинары.

8. Жас педагогтарға арналған аудандық конкурс «Жас Тәрбиеші».

ТЖ мен карантин тәртібінде ББ педагогтары барлық жас топтарындағы балаларға қашықтық оқыту үйімдастыруды. Әлеуметтік желілерде топтар ашылып, ата-аналармен көрі байланыс орнатылды.

Аталған барлық жұмыстар балабақшаның оқыту-тәрбиелеу процесін ізгілendіру факторы ретінде инновациялық білім беру технологияларын қолдану арқылы тәрбиелеу және білім беру сапасын арттыру бойынша өзекті тақырыбын жүзеге асыруға бағытталған.

Жоғарыда аталғандардың негізінде келесі қорытындыны жасауға болады:

1. Тәрбиелеу-білім беру жұмыстарының мазмұны, педагогтардың кәсіби деңгейі, пәндік-дамыту ортасы мен оның қамтасыз етілуі сапалы мектепке дейінгі білім беруге қабілетті.

2. Педагогикалық құзыреттілік мониторингі нәтижелерінің талдауы мектепке дейінгі жастағы балаларды адамгершілік-рухани тәрбиелеу саласында педагогтардың кәсіби шеберліктерінің тұрақты өсуін көрсетеді. Тәрбиешілер жұмысының құндылықтық негізі балалармен диалог негізінде қарым-қатынас орнату, балаға деген сүйіспеншілік пен өзіндік даму болып табылады.

3. Педагогтардың өз бетімен білім алуға, өз шығармашылықтарын анықтауға, өзіндік жетілдіруге деген қызығушылықтары артты.

Дегенмен, педагогикалық ұжым алдында әлі де көптеген шешілмеген міндеттер тұр, сондықтан келесі оқу жылында:

Педагогтардың шығармашылық ізденістерін, инновациялық жаңартуларға деген жағымды қатынастарын, бірлесе серіктесе жұмыс жасауға деген тілектерін ынталандыруды жалғастыру.

Әдіскер жас тәрбиешілер үшін мектепке дейінгі педагогика мен психология, оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі саласындағы проблемаларды жоюға бағытталған әдістемелік шараларды жоспарласын.

Педагогикалық ұжым балабақшаның әдістемелік қызметі жобасын жүзе асыру жұмыстарын жалғастырсын.

Балалардың толыққанды дамуы және психикалық дамуындағы ауытқушылықтардың алдын алу мақсатында балабақшамызда менгеруші әр балаға психологиялық сүйемелдеу көрсетеді. Менгеруші өз қызметінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Бала құқығы туралы конвенцияны, мектепке дейінгі мекемелердегі психологиялық қызмет туралы ережені басшылықта алады.

Тәрбиеленушілердің, балабақша қызметкерлерінің әлеуметтік-психологиялық ахуалды сақтау және нығайту, ББ жағдайында үйлесімді дамуы мақсатында келесі міндеттерді шешумен айналысты:

Міндеттері:

- Балалардың психологиялық денсаулықтарын сақтау.
- Бала дамуындағы қыындықтардың алдын алу.
- Дамудағы, оқыту мен әлеуметтенудегі өзекті мәселерді шешуге көмек көрсету.
- Балаларға, ата-аналарға, тәрбиешілерге бейімделу кезеңінде көмек көрсету.
- балалардың эмоционалдық және танымдық дамуына диагностика жүргізу.

Қызметі келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. Психологиялық алдын алу, психологиялық ағарту;
2. Психологиялық диагностика;
3. Дамыту және психологиялық түзету;
4. Психологиялық кеңес;
5. Ұйымдастырушылық – әдістемелік жұмыстар.

Қамтылған топтар саны – 3топ.

Балалармен жұмыс әлеуметтік бейімделуге, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, эмоционалдық сферасының дамуына бағытталып, жеке және топтық сабақтар түрінде өткізілді.

Ата-аналармен жұмыста балалармен мейірімді, сенімді қатынас орнатуға басты назар аударылды. Жұмыстың көптеген түрлері қолданылды (психологиялық акция, ата-аналар жиналышы, кеңестер, әңгімелесу).

Диагностикалық жұмыс жоспарланған кесте бойынша, сонымен қатар әкімшіліктің, ата-аналардың, тәрбиешілердің сұранысы бойынша жасалды.

Оқу жылының басында жаңадан келген балалардың (25 бала) балабақша жағдайларына бейімделуіне бақылау жүргізілді. Әр балаға бейімделу парағы толтырылды. Бейімделу параптаратының талдауы балалардың 60% балабақшага жеңіл бейімделгенін, 25% - орташа түрінде бейімделгенін көрсетті.

2022-2023 оку жылындағы тәрбиеленушілердің балабақша жағдайына бейімделуі



Орташа деңгейде бейімделген балалар ауруына байланысты немесе басқа себептермен балабақшаны көп босатқан, соның нәтижесінде бейімделу мерзімі ұзаққа созылды. Тәрбиешілер мен ата-аналарға «Балабақшага бейімделу» атты кеңес жүргізілді.

Мектепалды топтарында мектепке баратын балалардың мектепке психологиялық даму деңгейі Керн-Йрасектің әдістемесінің көмегімен жүргізілді, «Мектептің суреті» әдістемесі арқылы мектепке деген қатынастары мен мазасыздық деңгейі анықталды.

«Балапан» тобындағы «Мектеп суреті» тестінің нәтижесі бойынша: тексеруге қатысқан 19 баланың: 13-інде мектепке деген эмоционалды жағымды қатынас қалыптасқан, оқу тапсырмаларын орындауға және мұғаліммен өзара әрекетке дайын; 12 балада – мектепте оқуға деген таныс емес жағдай ретінде мазасыздықтары бар, ал айқын көрінген мектеп алдындағы қорқыныш анықталған жоқ.

Баланың ішкі позициясын анықтау бойынша әңгімелесу нәтижесінде балалардың танымдық қызығушылықтары, мотивациялық дайындықтары жоғары екені, оқушы ролін қабылдауға дайындығы анықталды. Мектепалды топтары балаларының ойлау қабілеттері, белгілі бір ережемен жұмыс істеу ептіліктері анықталды («Корректурная проба» (Бурдон тесті)).

Зерттеу топтар бойынша жүргізілді. Диагностика нәтижелерені өңдеу кезінде балалардың 78% -да ақыл-ой жұмысының жоғары деңгейі, 22% орташа деңгейі анықталды.

Мектепке дейінгі жастағы кезеңдің маңызды қорытындысы болып мектепке психологиялық дайындықтары саналады.

Сәуір айында «Ботақан» тобында балалардың мектепке психологиялық дайындықтарының диагностикасы жүргізілді, нәтижесі бойынша (барлық зерттеуге қатысқан 25 баланың):

13 бала (55%) - мектепке жоғары психологиялық дайындық;

12 баланың (45%) – мектепке дайындығы орташа деңгейде.

Ата-аналармен өзара байланыс жүйесіне талдау

ББ басты серіктесі баланың ата-аналары (занды өкілдері) болып табылады. Бала тәрбиесіндегі отбасы негізгі анықтаушы рольді алады. Ал ББ өз кезегінде оларға көмек көрсетуге ұмтылады, баланың қабілеттерін дамыту үшін мүмкіндіктерін ашады. Сондықтан, біздің мектепке дейінгі мекемеміздің негізгі қызмет бағытының бірі баланың дамуы мен өзара байланыс мәселелерін шешуде отбасы мен ББ күшін біріктіру, балабақша – отбасы тұтас білім беру кеңістігін орнату болып табылады. Келесі міндеттерді шешумен айналыстық:

- ✓ Тәрбиеленушілердің отбасыларымен серіктестік қатынас орнаттық;
- ✓ Балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін күшімізді біріктірдік;
- ✓ Өзара түсіністік, өзара байланыс, ортақ мұдде атмосферасын жасадық.

Ата-аналармен өзара байланыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Әлеуметтік төлкүжаттар толтырылып, ББ білім сапасымен қанағаттану деңгейлері анықталды.

Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі емес формаларын қолдану балалар мен ата-аналар ұжымының ынтымақтасуына, балабақша мен отбасының серіктесуіне ықпал етті. Осыған орай, тренинг элементтерімен ата-аналар жиналысы өтті.

«Отбасылыш құндылықтар» ата-аналарға арналған психологиялық акция,

Ата-аналармен жұмыстағы жетекші бағыт бұрынғыдай отбасылыш газеттер, ақпарат қабырғалары, БАҚ болып қалады.

Ата-аналар «Күзі қиял», «Жаңа жылдық тосынсый», қар қалашығы, «Шыршаны сақтаймыз және қорғайық -2022», «Руханияттың мөлдір бұлағы» атты көрмелерге белсенді қатысты.

Барлық қатысушылар мадақтамалармен, алғыс хаттармен марапатталып, мерекелік шараларда берілді.

Карантин тәртібі шеңберінде қашықтық оқыту түрі жүргізіліп, ата-аналар белсенділік танытып, кері байланысқа шықты, балалардың жасаған сабактарының фотосуреттері мен видеожазбаларын жіберді. Женіс күніне арналған «Ешкім ұмыт болған жоқ, ештеңе ұмыт қалған жоқ» атты видеофильм жасауға қатысты.

Жыл сонында жүргізілген «Сіздің балабақша жұмысы туралы пікіріңіз» сауалнамасының нәтижесі ата-аналардың балабақша ұжымының жұмысын он бағалайтынын көрсетті. Алынған мәліметтерге сүйенсек, ата-аналар балабақша жұмысын жағымды бағалайды, балалардың балабақшада болуына қанағаттанады,

жүйелі әрі жоспарлы жүргізіліп отырған педагогтардың кәсіби жұмыстарын жоғары бағалайды. Бірақ балалардың денсаулықтарын нығайту жұмыстарын жетілдіру керек деп есептейді.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен ұйымдастырылған түрлі жұмыстар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға ықпал етті. Балабақша өміріне деген тұрақты қызығушылықтары нығайды.

Әкімшілік-шаруашылық жұмыстардың қорытындысы.

Балабақша қызметінің 2022-2023 оқу жылындағы талдау мекеме тұрақты қызмет ету деңгейінде тұрғанын көрсетеді.

Жыл көлеміндегі МДМ қызметіндегі неғұрлым сәтті көрсеткіштер ретінде келесілерді атауға болады:

- 1.ББ балалары дамуының жағымды динамикасы;
2. Балалардың мектепке дейінгі мекеме бағдарламасын сәтті менгеруі;
3. Ата-аналардың ББ қызметін оң бағалауы;
4. ББ педагогтарының шығармашылық белсенділі мен бастамашылдығының жоғары деңгейі.

Білім беру қызметіне жасалған талдау келесі бағыттар бойынша жұмыстарды жалғастыру қажеттігін көрсетті:

- + Мектеп жасына дейінгі балалардың дене және ақыл-ой дамуының жоғары деңгейіне жету үшін денсаулықты нығайтудың жолдары мен тәсілдерін жетілдіру.
- + Педагогтардың инновациялық технологияларды игеру саласындағы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды жалғастыру.
- + Тұтас білім беру кеңістігіне ата-аналарды тартуды жалғастыру: серіктестік қатынастар орнату.

Менгеруші



А.Калмуратова